

Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған

«Ұлы дала» республикалық шығармашылық байқауы

Номинациялар:
Проза
Поэзия
Драматургия
Әдеби сын
Балаларға арналған шығарма



Шығармалар
1 шілдеден 30 қазанға
дейін қабылданады

ulydala@amanatparty.kz

«ҰЛЫ ДАЛА»
БАЙҚАУЫ БАСТАЛДЫ

2-БЕТ | ҚАЛА ТЫНЫСЫ



ТЕХНОЛОГИЯ ТАМЫРЫ
ТЕРЕҢГЕ БОЙЛАП КЕЛЕДІ

3-БЕТ | АЙМАҚ



ҚАЛАНЫҢ ТЫНЫСЫН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП ОТЫРҒАН КӘСПОРЫН

4-БЕТ | ҚОҒАМ



ШАГ ЗА ШАГОМ К НАДЕЖНОСТИ

5-БЕТ | ПЕРЕЗАГРУЗКА

№24 11 ШІЛДЕ, ЖҰМА, 2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2025 ЖЫЛДЫҢ 2 АҚПАНЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Altyn Qala

СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ



Фотосурет облыс әкімінің баспасөз қызметінен алынды

АҚЫЛДЫ БОЛАШАҚТЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНУДА

Әр ауылдың болашағы – мемлекет болашағы. Егер интернет болмаса, баламыз онлайн дәрістер ала алмаса, дәрігермен қашықтан кеңесе алмасақ, бизнес жүргізу мүмкін болмаса, қалай болар еді? Мұндай мәселелер әсіресе ауыл тұрғындарына етене таныс. Ал енді елдің орталығындағы Степногорск қаласы мен оған іргелес ауылдарда жоғары жылдамдықты интернет күнделікті өмірдің қалыпты бөлігіне айналса ше?

2

Өңір

Әлеуметтік міндеттемелер мен еңбек нарығы:

СТЕПНОГОРСК ҚАНДАЙ БАҒЫТТА ДАМУДА?

Степногорск қаласында әлеуметтік әріптестік пен еңбек қатынастарын үйлестіру бағытында кешенді шешімдер ізделуде. Бүгін қала әкімінің орынбасары Жанасыл Сабырұлының төрағалығымен өткен қалалық комиссия отырысында әлеуметтік-еңбек саласындағы бірқатар өзекті мәселелер қаралды. Бұл жай ғана әкімшілік рәсім емес, өңірдің әлеуметтік тұрақтылығына тікелей әсер ететін түйткілдерді жүйелі түрде шешудің көрінісі.

Құн тәртібіндегі алғашқы мәселе – міндетті әлеуметтік төлемдер: зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар мен медициналық сақтандыру жарналары бойынша жинақталған берешектер болды. Бұл түйткіл еліміздің көптеген өңірлеріне тән, бірақ Степногорск жағдайында оның өзіндік ерекшеліктері бар. Талқыланған екінші мәселе өңірдегі еңбек нарығының болашағына қатысты. Ақмола облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы бекіткен жоспар аясында ауыл шаруашылығы саласында жаңа жұмыс орындарын құру көзделіп отыр.

4

ДЕПУТАТ ХАЛЫҚПЕН ЖҮЗДЕСТІ

2025 жылғы 10 шілде күні Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Айна Ермекқызы Мүсірәлімова Степногорск қаласына жұмыс сапарымен келді. Сапар аясында қаладағы бірқатар әлеуметтік нысандарды аралап, тұрғындармен кездесу өткізді.

2



Фотосурет «Altyn Qala» газетінен

ТАЗАЛЫҚ – ТАБИҒАТҚА ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетті арттыру – бұл баршамыздың ортақ міндетіміз» деген сөздері экологиялық проблемалардың күн тәртібінен түспейтінін айқын көрсетеді. Степногорск қаласы мен Ақмола облысындағы экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған жұмыстар осы қағидаға сәйкес жүргізілуде.

3

ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ – ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Ақмола облысына қарасты Степногорск қаласы – тарихы терең, шұрайлы өлкеде орналасқан қала. Олай дейміздіңде өз жөні бар. Иісі қазақ баласы «Сағынайдың асы» десе, әуелі осы өңірді еске алады. Ас иесі – Сағынайдың ұлы Паң-Нұрмағамбет. Ақ патшаға ақшұбар ат мінгізген, болыс Паң-Нұрмағамбеттің дегдарлығы, жомарттығы мен бекзаттығы күні бүгінге дейін ел ішінде аңыз боп айтылады.

8



Фотосурет қала әкімінің баспасөз қызметінен алынды

ЦИФРЛАНДЫРУ

АҚЫЛДЫ БОЛАШАҚТЫҢ
ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНУДА

ОПТИКАЛЫҚ ЖЕЛІ АУЫЛ МЕН ҚАЛА АРАСЫН ЖАЛҒАЙДЫ



Фотосурет облыс әкімінің баспасөз қызметінен алынды

(Басы 1-бетте)

Ақмола облысында дәл осындай өзгерістердің алғашқы қадамы жасалды. Жуырда Көкшетау қаласында «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы мен облыс әкімдігі талшықты-оптикалық байланыс желілерін салу бойынша меморандумға қол қойды. Қол жеткізілген уағдаластық – ауыл тіршілігіне жан бітірудің, жаңарудың, цифрлық дәуірге нық қадам басудың айқын белгісі.

Алдағы үш жылда облыстағы 280-ге жуық ауыл жоғары жылдамдықты интернетке қосылады. «Ауыл online» жобасы аясында жүзеге асырылатын бастама ел көлемінде 3 мыңнан аса ауылды «оптикамен» қамтуды мақсат етеді. Жоба аясындағы инвестиция көлемі 16 миллиард теңгеден асады.

– Ақмола облысы орнықты дамудың негізі ретінде цифрлық трансформацияға басымдық беріп отыр. Ауылдарды жоғары жылдамдықты интернетке қосу – тек желі тарту емес, адамдардың өмір сапасын көтерудің нақты жолы. Білім алуда, медициналық қызметтерге жүгінуде, цифрлық үкімет мүмкіндіктерін пайдалануда, кәсіпкерлік бастамаларда жаңа көзжіектер ашылады. Цифрлық инфрақұрылым аналитикаға негізделген басқару жүйесімен қатар жүруі тиіс. Өңірді басқару орталығы осы міндетті атқаруға қызмет етеді, – деді облыс әкімі Марат Ахметжанов.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «Мемлекет цифрлық құралдарға әрі деректерге сүйенуі тиіс. Онсыз экономика мен басқару жүйесінің тиімді дамуы мүмкін емес». Аймақ басшысы да осы ұстанымды негізге алып, азаматтардың тұрмысын жақсартуға бағытталған әр бастаманы қолдауға әзір екенін жеткізді.

Жанар АХМЕТОВА

ИССАПАР

ДЕПУТАТ ХАЛЫҚПЕН ЖҮЗДЕСТІ



Фотосурет «Altyn qala» газетінен

(Басы 1-бетте)

Депутатты қала шекарасында Степногорск қаласы әкімінің орынбасары Жанасыл Сабырұлы мен мәслихат төрағасы Олжас Аманжолұлы қарсы алды және қала тіршілігімен таныстырды. Алғашқы нысан «Viamedis» медициналық орталығының филиалы болды. Мұнда Айна Ермеқызы мекеменің қызметімен танысып, бас дәрігер Әмір Шабаровпен әңгімелесті.

Кейін депутат Ыбырай Алтынсарин атындағы №1 жалпы білім беретін мектептегі

күрделі жөндеу жұмыстарының барысын көрді. Одан соң «Тарлан» дене шынықтыру-сауықтыру кешеніне барды. Бұл нысанда қала жастарының спорттық дамуына жасалып жатқан жағдайлармен танысты.

Сапар соңында Мәжіліс депутаты «AMANAT» партиясының қалалық филиалында азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қалада атқарылып жатқан жұмыстарды көзбен көріп, тұрғындардың ұсыныс-тілектерін тыңдаған бұл сапар қала өмірінің өзекті мәселелерін шешуге бағытталған мазмұнды кездесу болды.

«AMANAT» партиясы дәстүрлі «Ұлы дала» республикалық шығармашылық байқауының басталғанын хабарлайды.

«ҰЛЫ ДАЛА»
БАЙҚАУЫ БАСТАЛДЫ

ШАБЫТ

Биыл әдеби конкурс ұлы ақын, ағартушы, философ, ұлттың рухани темірқазығы Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы аясында өтеді.

Партияның «Ұлттық мұра» жобасы аясында Жазушылар одағымен бірлесіп өткізіп келе жатқан «Ұлы Дала» республикалық шығармашылық байқауы осымен алтыншы мәрте ұйымдастырылуда.

Шығармашылық доданың басты мақсаты – «Жұмысшы мамандықтары жылын» басты назарға ала отырып, Абай салған жолды бүгінгі әдебиетпен сабақтастыру, Абай іліміндегі «толық адам», «еңбек», «ғылым», «тәрбие» секілді ұғымдарды көркем әдебиет аясында дәріптеу. Сол арқылы отандық авторларға қолдау көрсету және шығармаларын насихаттау.

Байқауға үміткерлер

- «Проза»,
- «Поэзия»,
- «Драматургия»,
- «Әдеби сын»
- «Балаларға арналған шығарма» номинациялары бойынша қатыса алады. Бұдан бөлек, байқауда «Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы», «Міржақып Дулатұлының 140 жылдығы» және «Алаш аманаты» арнайы жүлдесі тағайындалып отыр.

Қатысушыларға қойылатын барлық талап пен байқау шарты белгіленген ереже мәтіні бүгін БАҚ-тарда, партияның ресми сайтында, әлеуметтік желілердегі парақшаларында жарияланады. Шығармалар 1 шілдеден бастап, 30 қазанға дейін қабылданады.

АКЦИЯ

БІЗ ЖАҚЫНБЫЗ

«Мен волонтермін» жобасы аясында әлеуметтік көмек көрсетілді

Степногорск қаласының ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ «Мен волонтермін» жобасы және Астана күніне арналған іс-шаралар аясында әлеуметтік осал топтарға: аз қамтылған отбасыларға, зейнеткерлерге, көпбалалы отбасыларға және өзге де қиын материалдық жағдайда тұрған азаматтарға көмек көрсетті.

Қайырымдылық шарасы аясында тұрмысқа қажетті азық-түлік себеттері тара-

тылды. Себетке ұн, қант, қарақұмық, күріш, макарон өнімдері секілді күнделікті тұтына-тын тауарлар енді.

Жыл соңына дейін осындай бірнеше қайырымдылық акцияларын өткізуді жоспарлап отырмыз. Бизнестегі серіктестер мен кәсіпкерлерді игі бастамаға атсалысуға шақырамыз.

Степногорск қаласының «Жастар
ресурстық орталығы» КММ

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

ҚАЛАНЫ БІРГЕ ТАЗАРТАЙЫҚ!

Степногорск қаласында қоғамдық орындардың тазалығы мен экологиялық мәдениетті арттыруға бағытталған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы жалғасуда.

Іс-шараға мемлекеттік мекеме қызметкерлері, еріктілер мен жастар белсенді түрде атсалысуда.

«Жасыл ел» еңбек жасағының жастары орман саябағы аймағында ауқымды тазалық жұмыстарын жүргізді. Мақсат – тек тазалық орнату ғана емес, табиғатты қорғаудың маңызын жеке үлгі арқылы көрсету.

«Қаланың тазалығы – ортақ іс. «Таза Қазақстан» акциясы – қаласын көркейтіп, жасыл әрі қауіпсіз еткісі келетін жанның барлығын біріктіретін бастама», – дейді ұйымдастырушылар.

Табиғат – ортақ үйіміз. Оны қорғау – әрқайсымыздың міндетіміз!

Жастар ресурстық орталығы

ХАБАРЛАНДЫРУ!

ҚҰРМЕТТІ СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

«Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 826 Жарлығын орындау үшін 2025 жылғы 25 шілде күні сағат 15.00-де Степногорск қ. мәдениет үйінің ғимаратында Ақмола облысының әкімі М.М. Ахметжановтың Степно-

горск қ. халқымен кездесуі өткізіледі.

Халықпен кездесу өткізгеннен кейін мәдениет үйінің ғимаратында Ақмола облысы әкімінің азаматтарды жеке қабылдауы ұйымдастырылады.

Ақмола облысы әкімінің аппараты

ТЕХНОЛОГИЯ ТАМЫРЫ ТЕРЕҢГЕ БОЙЛАП КЕЛЕДІ

ИННОВАЦИЯ

Степногорск – еліміздің өндірістік әлеуеті жоғары, дамуға құлшынысы зор қалаларының қатарында. Инфрақұрылымдық жаңғырумен қатар, заманауи қызмет көрсету мен тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған жаңа тәсілдер күн тәртібінен түспейді. Ақпараттық жүйелерді енгізу, қызметтерді автоматтандыру, тұрмыс жеңілдігін арттыру – бүгінде уақыттың талабы. Еліміздің өңірлерінде басталған цифрлық жаңғыру үдерісі Степногорск үшін де маңызды кезеңге айнала алады. Коммуналдық қызметтерді оңтайлы басқару, білім беру жүйесін даралауға көшіру, денсаулық сақтау саласына ақылды шешімдер енгізу – қала болашағы үшін негізгі басымдықтардың қатарында.

Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа Ұлттық суперкомпьютерлік орталықта бірқатар отандық IT-жобалар таныстырылды. Ұсынылған шешімдердің ауқымы мен тереңдігі – Степногорск сияқты серпінді қалалар үшін тың бағдар. Бұрын тек ғылыми-фантастикалық фильмдерден көрінетін жасанды интеллект, деректерге негізделген платформалар мен автоматтандырылған жүйелер бүгінде нақты өмірдің бір бөлшегіне айналып отыр. Мұндай технологиялар күнделікті тұрмысты жеңілдетіп қана қоймай, қауіпсіздік пен жылдамдықты арттырудың тиімді құралы болып қалыптасуда.

Әсіресе SmartCity Astana жобасы ерекше әсер қалдырды. Бұл – нақты уақыт режимінде қала тіршілігін деректер арқылы басқаратын жүйе. Қалада орнатылған жүз мыңнан астам бейнебақылау камерасы қоғамдық тәртіпті үздіксіз қадағалайды. Жасанды интеллект азаматтардың қозғалысын, жүріс-тұрысын саралап, ықтимал қатерге алдын ала жауап қайтаруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік емес қаржыландыру арқылы жүзеге асып отырған мұндай жобалар – Степ-

ногорск үшін де тәжірибе ретінде құнды болмақ. Қала қауіпсіздігін цифрлық жүйелер арқылы күшейту – алдағы стратегиялық қадамдардың бірі бола алады.

Тіл мен мәдениетке негізделген AlemLLM моделі де назар аудартпай қоймады. Қазақ тіліне бейімделген бұл жасанды интеллект жүйесі – ұлттық болмысты технологиямен ұштастыру жолындағы ілкімді қадам. Тілдік платформалармен салыстырғанда, ішкі жүйелерге толық бейімделуі, серверлік дербестігі және қазақы таныммен үндесуі – оның басты артықшылықтары. Степногорсктегі мемлекеттік мекемелер мен білім беру орындары осындай технологияларды игеру арқылы тіл саясатына да тың серпін бере алады.

Таныстырылым барысында мектеп оқушыларына арналған AI Kitar платформасына тоқталып өтілді. Әр оқушының білім деңгейіне қарай бейімделетін бұл жүйе пәндік мазмұнды талдап, жеке оқу тапсырмаларын ұсынады. Қандай тақырып

күрделі, не қызықты, мұны жүйе өзі анықтайды. Дәстүрлі оқулық емес, нағыз цифрлық тәлімгер. Степногорск мектептері мұндай технологияны қолдана бастаса, оқыту сапасы жаңа деңгейге көтерілуі ықтимал.

Тұрғын үй саласында да жаңаша көзқарас байқалды. Vaspara Hub деп аталатын цифрлық экожүйе пәтер іздеу, құжат рәсімдеу, жөндеу қызметіне тапсырыс беру сынды қызметтерді бір қосымшаға тоғыстырған. Бұрын бірнеше мекемеге жүгінуді талап ететін үдерістер қазір бір орталық арқылы реттеледі. Жоба – толықтай отандық мамандардың еңбегі. Мұндай қызмет түрлерін Степногорскте де кезек-кезеңмен енгізу тұрғындарға үлкен жеңілдік болар еді.

Көлік және логистика саласында табысты стартаптар пайда болуда. Мысалы, Biny.co жобасы бүгінде халықаралық деңгейге шықты. Google-дің Silkway Accelerator бағдарламасының үздік үштігіне енген қазақстандық команда Coca-Cola мен QazPost секілді ірі серіктестермен жұмыс істейді. Степногорсктегі жас кәсіпкерлерге осындай табысты үлгілер қолдау мен шабыт сыйлайтыны анық.



Фотосурет: ҚР Президентінің ресми сайтынан

Құрылыс саласына арналған Surfaice.pro стартапы да ерекше үлгі. Негізін қазақстандықтар қалаған бұл жоба бүгінде АҚШ-тың бес штатында жұмыс істейді және 1,5 миллион доллардан астам инвестиция жинаған. Степногорск үшін мұндай мысалдар – кәсібін дамытқысы келетін жастар үшін нақты бағдар.

Спорт пен денсаулықты ұштастырған OlympIQ платформасы – спортшылардың физикалық және психологиялық жай-күйін бақылап, жаттығу барысын қауіпсіз етуге арналған шешім. Мұндай технологиялар Степногорск спорт мектептері мен секцияларында қолданылса, жарақаттың алдын алып, спортшылардың жетістігін арттыруға мүмкіндік береді.

Өрт қауіпсіздігіне бағытталған жобалар қатарында орман алқаптарын бақылау жүйесі таныстырылды. «Бурбай» мен «Ертіс орманы»

резерваттарында іске қосылған бұл шешім түтіннің алғашқы белгісін анықтап, шұғыл әрекетке жол ашады. Степногорск маңындағы орманды аймақтар мен жеке секторларда осындай жүйелер енгізілсе, экологиялық қауіптің алдын алу жеңілдей түсер еді.

Презентацияның соңында мемлекеттік қызметті оңтайландыруға арналған IT-шешімдер таныстырылды. Кеңес хаттамасын автоматты түрде жазып, қорытындысын шығаратын ИИ-агент – заманауи құжат жүргізудің таптырмас көмекшісі. Ал медицинада AI-Терапевт дәрігердің сөзін тыңдап, алдын ала диагноз қоюға, ұсыныс беруге қабілетті. Қажет болған жағдайда радиологиялық сараптама жүйесі іске қосылады. Жасанды интеллект өкпе кескінін мыңдаған база үлгісімен салыстырып, қатерлі ісіктің белгісін ерте кезеңде анықтай алады. Мұн-

дай технология – адам өмірін құтқаруға жол ашатын құрал.

Таныстырылған жобалардың барлығы – отандық инженерлер мен стартапшылардың еңбегі. Олар қазақ тілінде сөйлейді, қазақстандықтардың қажеттіліктерін түсінеді, ұлттық менталитетпен үндес. Степногорск үшін де осындай бастамалар – дамудың жаңа бағыты. Озық технологиялар уақыт өте келе қала өмірінің ажырамас бөлігіне айналары сөзсіз.

Степногорск – әлеуеті мықты, болашағы зор қала. Жасанды интеллекттен бастап, ақылды инфрақұрылымға дейінгі бастамалар ертеңгі емес, бүгінгі қажеттілікке айналып келеді. Президентке таныстырылған жобалар – жай идея емес, нақты мүмкіндік. Ал ол мүмкіндікті өз қаламызда қалай жүзеге асыра алатынымыз – өзімізге байланысты.

Дәулет АСАУ

ЭКОЛОГИЯ

ТАЗАЛЫҚ – ТАБИҒАТҚА ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚ



Фотосурет: Altyn Qala компаниясынан

етілмеген қоқыс үйінділерінің пайда болуы нақты мысал.

Анықталған заңбұзушылықтар бойынша «Шебер Спецмаш» ЖШС және «Partners Realty» ЖШС кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты әкімшілік хаттамалар толтырылып, айыппұлдар салынды.

АҚСУ КЕНТІНДЕГІ ТАЗАЛЫҚ РЕЙДІ

Шілде айының басында Ақсу кентінде өткен рейд барысында да бірқатар экологиялық проблемалар тіркелді, олар кешенді шешімдерді талап етеді. Өндіріс көшесіндегі құрылыс қалдықтарының үйіндісі бар. Бұл жердің «АК Алтыналмас» АҚ-ның өндірістік аймағына жақын орналасуы ірі кәсіпорындардың қалдықтарды басқаруға жауапкершілігін күшейту қажеттігін көрсетеді. Кенттің жанындағы бұрыннан жатып қалған қоқыс үйіндісін толық тазарту ұсынылды. Бұл бұрыннан шешілмеген мәселенің бар екенін және оны жүйелі түрде жою қажеттігін көрсетеді. Мұнымен қоса Ленин көшесі, 5 мекенжайындағы автобөлшектер, резеңке және тұрмыстық қалдықтармен қоқысталған аумақ анықталып, «Булатов» ЖК-на қатысты ӘҚБ-тің 505-бабы бойынша айыппұл салынды. Ал Нәбиев көшесіндегі жұмыс істемейтін кәріздік сорғы станциясын (КНС) және Достық көшесіндегі апатты, бос тұрған үш қабатты үйді демонтаждау қажеттігі

айтылды. Бұл инфрақұрылымдық мәселелер де қоршаған ортаға теріс әсерін тигізеді.

Рейд қорытындысы бойынша абаттандыру және санитарлық тазалық саласындағы жұмысты күшейту, сенбіліктер ұйымдастыру және халық арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу жөнінде ұсыныстар берілді.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЦИФРЛАНДЫРУ

Қоршаған ортаны қорғаудағы тағы бір маңызды қадам – бұл эмиссия мониторингін автоматтандырылған бақылау жүйесін (ЭМАЖ) енгізу. Бұл жүйе ластаушы заттардың атмосфераға шығарындыларын нақты уақыт режимінде үздіксіз бақылауға мүмкіндік береді. ҚР Экологиялық кодексінің 186-бабы 4-тармағына сәйкес, эмиссия мониторингін автоматтандырылған бақылау жүйесін орнату I санаттағы, атмосфераға елеулі шығарындылары бар кәсіпорындар үшін міндетті.

Ақмола облысында бұл шара қарқынды жүруде. Қазірдің өзінде «Степногорская ЖЭО» ЖШС және «Көкше-Цемент» ӨБ ЖШС кәсіпорындарында МАЖ жұмыс істейді. Бұл ірі өндірістерден шығатын ластаушы заттарды объективті бағалауға мүмкіндік береді. Ал Көкшетау, Қосшы және Есіл қалаларындағы коммуналдық кәсіпорындардың орталық қазандықтарына (мысалы, «Кокшетау Жылу» ШЖҚ МКК, «Қа-

зандық АСИ») ЖШС, «Есіл Горкомхоз» ШЖҚ МКК) МАЖ орнату жобалары әзірленуде. Бұл қадам қалалық инфрақұрылым нысандарына да экологиялық бақылауды күшейтудің маңыздылығын көрсетеді. МАЖ енгізу экологиялық ашықтықты арттырып, қоршаған ортаның жай-күйін қадағалауды күшейтеді және табиғатты қорғау заңнамасын сақтауға ықпал етеді. Бұл жүйе экологиялық тәуекелдерді төмендетуге, қоршаған ортаны сауықтыруға және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған.

ӘРБІР АДАМНЫҢ ТАЗАЛЫҚҚА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Степногорск қаласы бойынша мемлекеттік экология инспекторы Әлкен Тілеукенұлының айтуынша, тазалық – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі. «Қоқысты белгіленген орындарға тастайық! Қала шетіне, өзен жағасына, орманға қоқыс тастамаңыз! Бұл біздің табиғатымызды ластап қана қоймай, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне де зиян келтіреді», – дейді инспектор.

Тазалықты сақтау, сенбіліктерге қатысу, қоршаған ортаға зиян келтіретін фактілерді тиісті органдарға хабарлау – әрбір азаматтың қолынан келетін және міндетті түрде атқаруы тиіс іс.

Гүлназ БИСЕН

ТАБИҒАТСЫЗ КҮНІҢ ЖОҚ, ТАБИҒАТТЫҢ ОНЫ АЙТАР ТІЛІ ЖОҚ

ӨНІР

ӘЛЕУМЕТТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН ЕҢБЕК НАРЫҒЫ:

СТЕПНОГОРСК
ҚАНДАЙ БАҒЫТТА ДАМУДА?

Фотосурет қала әкімінің баспасөз қызметінен алынды

(Басы 1-бетте)

Жаңа жұмыс орындарын құру – кез келген аймақ үшін оң үрдіс, дегенмен бұл бастаманың шынайы жүзеге асуы бірнеше факторға байланысты. Біріншіден, жасалатын жұмыс орындарының тұрақтылығы мен жалақы деңгейі қандай болмақ? Екіншіден, жергілікті тұрғындардың бұл салаға қаншалықты қызығушылығы бар? Қазірдің өзінде еңбек нарығында аграрлық салада кадр тапшылығы байқалуда. Демек, мәселе тек орын санында емес, еңбек ресурстарының сапасы мен даярлығында жатыр. Бұл тұрғыда кәсіби бағдар беру, қайта даярлау, аграрлық мамандықтарға жастарды тарту сияқты кешенді шаралар қажет екені айтылды.

Отырыс барысында мемлекеттік органдар мен мекемелер өкілдері әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы бірқатар кедергілерді жою үшін ведомствоаралық үйлесімділікті күшейту қажеттігін ерекше атап өтті. Бұл бір ғана комиссия отырысында шешіле салатын мәселе емес, жүйелі

үйлесім мен бірлескен жауапкершілікке негізделген ұзақмерзімді жұмыс.

Мәселен, еңбек инспекциясы, салық комитеті, медициналық сақтандыру қоры мен жұмыспен қамту орталығы өзара тығыз байланыста жұмыс істемейінше, әлеуметтік-еңбек қатынастарында сапалы өзгеріс күту қиын.

Степногорск қаласындағы әлеуметтік әріптестік мәселелері – тек жергілікті сипаттағы емес, бүкіл ел үшін маңызды жүйелік сұрақтардың көрінісі. Берешек төлемдер, ауыл шаруашылығындағы бос жұмыс орындары, кадр тапшылығы, ведомствоаралық байланыстың әлсіздігі – бұлардың әрқайсысы жеке шешім емес, біртұтас тәсіл талап ететін кешенді проблемалар.

Қалалық комиссия отырысы сол кешенді тәсілдердің алғашқы нұсқасын ұсынды. Ендігі мәселе – сол ұсыныстарды нақты істерге айналдыру. Бұл бағытта жергілікті билік пен қоғам бірлесе әрекет етсе ғана оң нәтиже болады.

ҚАУІПСІЗДІК

ЖАСТАР ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ

Ақмола облысында есірткіге қарсы күрес бағытында ауқымды шаралар жүргізілуде. Бұл күрес тек құқық қорғау органдарының емес, тұтас қоғамның жауапкершілігіне айналып отыр. Степногорск қаласында өткен соңғы акция – осының жарқын дәлелі.

Степногорск қаласының прокуратурасы, қалалық полиция басқармасы, ішкі саясат бөлімі, Жастар ресурстық орталығы және еріктілер бірлестігі, қоғамға аса қауіпті интернет-ресурстардың жарнамаларын жоюға бағытталған арнайы акция өткізді. Қатысушылар есірткі құралдарын тарататын тыйым салынған сайттардың жарнамасын бояп, қаланы тазартып қана қоймай, тұрғындарға нақты үндеу жолдады: «Есірткіге жол жоқ!»

Бұл бастама облыс көлемінде жүзеге асырылып жатқан «Қарасора – 2025» республикалық операциясымен үндес. Ақмола облысы Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары, полковник

Ерлан Ақбаровтың айтуынша, бұл операцияның мақсаты – есірткі өсімдіктерін жою және синтетикалық есірткілерді тарататын қылмыстық топтардың әрекетін тоқтату.

Бір ай ішінде облыс бойынша 24 есірткіге қатысты қылмыс тіркеліп, 311 ескерту жасалған. Сондай-ақ, 100-ден астам алдын алу шаралары ұйымдастырылып, оның ішінде жастарға арналған спорттық, шығармашылық және құқықтық бағыттағы жобалар да бар.

«Жастар – біздің болашағымыз. Сондықтан оларға дұрыс тәрбие мен ақпарат беру – басты міндетіміз. Біз оларды есірткіден қорғауға және салауатты өмір салтын таңдауға шақырамыз», – деді Е.Ақбаров.

«Мен өмірді таңдаймын!» атты акция аясында 700-ден астам жас қатысып, есірткіге қарсы қоғамның біртұтас ұстанымын қолдайтынын көрсетті. Бұл шарада ойындар мен спорттық жарыстар, кездесулер мен лекциялар арқылы есірткіге қарсы иммунитет қалыптастыру көзделді.

Полковник Ерлан Ақбаровтың айтуынша, тек соңғы аптада 20-дан астам құқық бұзушыға хаттама толтырылып, әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Сонымен қатар 2 қылмыстық іс те тіркелді.

Билік пен қоғамның бірлескен іс-қимылы – есірткі қылмысына қарсы күрестегі басты құрал. Полковник Е.Ақбаровтың сөзінше, заң шеңберіндегі шаралармен қатар,

халықтың, әсіресе жастардың белсенділігі аса маңызды. «Біз оларға ақпарат беріп қана қоймай, өмірді таңдауға көмектесуіміз керек», – деп түйіндеді ол.

Ақмола облысында есірткіге қарсы күрес бір ғана ведомствоның емес, тұтас қоғамның міндетіне айналды. Еріктілердің, жастар ұй-

ымдарының және құқық қорғау органдарының өзара әрекеті арқылы өңірде есірткіге қарсы нақты иммунитет қалыптаса бастады. Бұл – болашақтың кепілі.



Бетті дайындаған
Ербол Аяжан
+7 705 126 84 66
t.me/aia_zhan_11
erbol.ayazhan@icloud.com

Су – табиғаттың ең басты сыйы ғана емес, ел қауіпсіздігі мен экономикалық тұрақтылықтың тірегі. Су ресурстары – шөлейтті аймақта орналасқан еліміздің даму болашағы үшін шешуші фактор. Бұл жайт Степногорск қаласы үшін де айрықша мәнге ие. Өйткені қалада су шаруашылығы тек коммуналдық қызмет қана емес, өндірістік, экологиялық және әлеуметтік өмірді қамтамасыз ететін күрделі жүйеге айналған.

ҚАЛАНЫҢ ТЫНЫСЫН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП ОТЫРҒАН КӘСІПОРЫН

9 ШІЛДЕ – СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Кәсіби мереке – Су шаруашылығы қызметкерлері күніне орай «Степногорск – су арнасы» ШЖҚ МКК директоры, қалалық мәслихат депутаты Алексей Гетманов су саласының мамандары мен ардагерлеріне жүрекжарды құттықтауын арнады. Құттықтау мәтінінде судың күнделікті өмірдегі маңызы мен саланың жауапкершілік жүгі айрықша атап өтіліп, сала ардагерлерінің еңбегі мен жас мамандарды тәрбиелеудегі рөлі жоғары бағаланды.

Оның айтуынша, су – өмірдің бастауы ғана емес, бүкіл қалалық инфрақұрылымның тірегі. Үйлерге, кәсіпорындарға, егіс алқаптарына су жеткізу тек техника мен құбырлар жүйесі емес, кәсібіне адал мамандардың жүйелі еңбегімен жүзеге асып отыр.

Степногорск қаласының ауыз су және техникалық су жүйесін қамтамасыз етіп отырған аталмыш кәсіпорын 1964 жылдан бері үздіксіз жұмыс істеп келеді. Кәсіпорын тек қаланы ғана емес,

сонымен қатар Заводской, Ақсу, Кварцитка, Байконыс және Қарабұлақ елді мекендерін де сумен қамтиды.

Кәсіпорын қызметі Степногорскідегі өндіріс ошақтары мен әлеуметтік нысандардың толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз етіп отыр. Бұл қатарда «Қазатом-өнеркәсіп», «Қазақалтын», «СПЗ», «Целингормаш», «Казфосфат» сияқты ірі зауыттар мен кәсіпорындар бар. Олардың тұрақты жұмыс істеуі – ең алдымен үздіксіз су ресурстарына тәуелді.

Айта кету керек, бұл салада маман тапшылығы – әлі де өзекті мәселе. Осыған байланысты арнайы университет ашылып, білім гранттары көбейтілді. Ал жергілікті деңгейде, мысалы, Степногорскідегі кәсіпорындар, жас кадрларды жұмысқа тартып, практикалық білім беруде шешуші рөл атқарауда.

Кәсіпорынның материалдық-техникалық базасы толық емес, бұл су қызметтерінің өзін-

дік құнын толық өтей алмауына әкеліп соғады. Бұл – жалпы коммуналдық салаға тән құрылымдық мәселе. Дегенмен, кәсіпорын су арналарын, фильтр жүйелерін, тазарту құрылғыларын үнемі жаңартып отыруға ұмтылуда. Бұл жерде әкімдік пен облыстық құрылымдардың қолдауы аса маңызды.

Степногорск – ауыр өнеркәсіп пен күрделі өндіріс шоғырланған қала. Мұндай ортада су – тек табиғи ресурс емес, стратегиялық капитал. Су мамандарының еңбегі – көзге көрінбейтін, бірақ нәтижесі бүкіл қала тіршілігін қамтамасыз етіп отырған маңызды күш.

Кәсіпорынның жарты ғасырдан астам тарихы бар. Ал оның болашағы қазіргі реформалар мен кадр саясатына, материалдық базаның жаңартылуына тікелей байланысты. Қазіргі таңда қаланы сумен қамтитын құбырдың әрбір метрі және әрбір сорғы – бұл тек инфрақұрылым емес, ел болашағына салынған инвестиция.



Фотосурет «Altyn qala» газетінен



Фотосурет аймақ басқару органдарынан алынды

ШАГ ЗА ШАГОМ К НАДЁЖНОСТИ

ТЕПЛОВАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ КАК ЭКОНОМИЧЕСКАЯ СТРАТЕГИЯ

ГОСУДАРСТВЕННЫЕ ИНВЕСТИЦИИ

«Готовь сани летом» – вековая мудрость, по-прежнему остающаяся актуальной, особенно в контексте модернизации коммунальной инфраструктуры. Сегодня энергетическая устойчивость и бесперебойное теплоснабжение приобретают стратегическое значение, становясь неотъемлемой частью государственной политики в сфере безопасности и качества жизни. От степени готовности инженерных сетей напрямую зависят и уют в домах, и стабильность в работе социальных учреждений, и спокойствие каждого жителя в период зимних холодов.

В числе приоритетных шагов, предпринимаемых по всей стране, – масштабная реконструкция тепловых сетей в Степногорске. Здесь магистральные коммуникации, проложенные в 1968 году, более полувека выполняли свою функцию, но постепенно ресурс системы оказался на грани исчерпания. По официальным данным, износ тепловых сетей достиг критического уровня – 84,4%. В этих условиях каждый отопительный сезон превращался в испытание как для коммунальных служб, так и для населения.

Своевременное реагирование на сложившуюся ситуацию стало возможным благодаря решению Правительства Республики Казахстан. В рамках исполнения поручений Президента страны из резервного

фонда были выделены около 2,7 миллиарда тенге. Финансирование направлено на капитальный ремонт 6,5 километра теплотрасс диаметром 530 мм – тех участков, которые признаны наиболее уязвимыми и требуют неотложного вмешательства.

Реализация данного этапа – не только оперативная мера, направленная на снижение вероятности аварийных отключений, но и важная составляющая поэтапной модернизации всей системы теплоснабжения. Обновлённые участки позволят существенно снизить нагрузку на изношенные магистрали и обеспечить устойчивую подачу тепла в предстоящем отопительном сезоне.

Президент Касым-Жомарт Токаев в своих выступлениях акцентирует

внимание на системном подходе: «Модернизация энергетической и коммунальной инфраструктуры – вопрос национальной безопасности. Следует избавляться от ветхих сетей, внедрять передовые технологии и повышать эффективность ресурсов. Люди не должны мерзнуть зимой из-за системных проблем прошлого».

В продолжение обозначенного курса, уже в 2025-2026 годах в рамках Национального проекта «Модернизация энергетического и коммунального секторов» предусмотрена замена ещё 9,5 километра тепловых сетей диаметром 820 мм. На реализацию следующего этапа предусмотрено 5,8 миллиарда тенге. Последовательное обновление ключевых участков инженерной инфраструктуры позволит сформиро-



Иллюстрация из открытых источников

вать надёжную теплоснабжающую систему, устойчивую к нагрузкам и температурным перепадам.

Завершение этих работ создаст техническую основу для дальнейшего развития города. Улучшение состояния тепловых сетей снизит количество внештатных ситуаций, повысит энергоэффективность и обеспечит более равномерную подачу тепла. Тем самым укрепляется базис, на котором строится современное городское пространство – безопасное, устойчивое и готовое к вызовам времени.

На сегодняшний день в Степногорске проживает около 46 тысяч человек. Жилищный фонд насчитывает 316 многоквартирных домов, в городе функционируют 65 социальных объектов, к системе централизованного теплоснабжения подключены 342 прочих потребителя. Совокупная максимальная нагрузка достигает 175 гигакалорий. Каждый мегаватт тепла – это не просто технический показатель, а часть общего комфорта, здоровья и стабильности для тысяч степногорцев.

АНТИКОРРУПЦИЯ В ДЕЙСТВИИ

ОБХОД ЗАКОНА: РИСК ДЛЯ КАЖДОГО

Ветеринария – сфера, где даже незначительное нарушение может обернуться большой бедой. Именно поэтому в Степногорске состоялось закрытое совещание, где территориальная инспекция обсудила, как выявить скрытые риски, предотвратить коррупционные уловки и сохранить доверие к системе контроля за безопасностью продукции животного происхождения.

Коррупционные действия, как правило, носят скрытый характер, однако последствия от них становятся ощутимыми для всего общества. Особую опасность они представляют в отраслях, напрямую связанных с безопасностью продуктов и здоровья населения. Перемещение животных, оформление сопроводительных документов, соблюдение санитарных норм – всё это требует точности, дисциплины и полной открытости. Инспекция, обладая контрольными функциями, последовательно выстраивает работу по снижению правонарушений в рамках действующего законодательства.

По словам специалистов, до сих пор встречаются случаи, когда владельцы скота либо представители бизнеса пытаются получить ветеринарные справки без прохождения всех предусмотренных процедур. Стремление избежать проверок, ускорить процесс или воспользоваться личными связями ведёт к грубым нарушениям. Особенно опасными становятся ситуации, когда нездоровое животное оказывается на рынке или отправляется в другой регион, где может стать источником распространения инфекций. В подобных обстоятельствах риску подвергается не только животный мир, но и здоровье человека.

Нередко встречаются и попытки повлиять на результаты проверок – как через личные договорённости, так и через материальное вознаграждение. Однако Уголовный кодекс РК ясно определяет ответственность обеих сторон – как дающей, так и получающей взятку. Такие действия не только подрывают закон, но и наносят урон репутации всей системы ветеринарного контроля. Законность должна быть общей и обязательной для всех участников отрасли.

Одним из приоритетов инспекции остаётся профилактика. Проводятся



встречи с предпринимателями, разъяснительные беседы с населением. Специалисты отвечают на вопросы, связанные с оформлением документов, санитарными требованиями и ответственностью за нарушения. Участие в таких диалогах помогает формировать правовую культуру и укрепляет доверие между контролирующим органом и гражданами.

